

Ахмет Байтұрсынұлының рухани мұраларының танымдық-тәрбиелік маңызы

Саналы ғұмырын елінің болашағына арнаған А.Байтұрсынұлы халықты теңдікке жету жолы ретінде қоғамды оятуға, сауаттылыққа, білім мен ғылымға үндеп, халықты бақытты болашақ үшін күресуге шақырады.

Ахмет Байтұрсынұлының бас редактор болған «Қазақ» газеті қазақ халқының өнер-білім игеруге шақырып, қоғамдық-саяси пікірін қалыптастыратын ақпарат көзі болды дегуге болады, осы газет арқылы халыққа саяси бағыт-бағдар беріп отырды. Бір ғана «Қазақ» газетінің өзі қоғамдық ойдың дамуына серпін беріп, рухани санаға сілдініс жасайды. Ахмет Байтұрсынұлының қаламынан шыққан мақалалар өткір ойлары, ғылыми байыптауы арқылы сол кездегі әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірдің дамуына ықпал еткен. Қазақ даласының әлеуметтік жағдайы «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған-терген» сияқты өлеңдерінде шынайы суреттелген. Ал бесік жыры үлгісімен жазылған «Жұбатту» жырында алты ауыз алауызықтың салдарынан өзге елге болан болған елдің халқын қырағылыққа үгіттейді.

Енді Ахмет Байтұрсынұлы мұрасының негізгі арналарына тоқталайық. Ол адамдарды оятудың, олардың санасына, жүрегіне, сезіміне әсер етудің жолдарын тастайды. Поэзияның жаңа түрі – көптеп-

дінер елінің белгілі элементі мысалында – жануарлар әлемінен алынған шығармалар арқылы қоғамдық ойға әсер ету болды. И.А.Крыловтың шығармаларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте басып шығарды. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан түсінікті ой, үшінші жағынан бұл өлеңдерді қазақ халқының тұрмысына жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндегі етіп көрсеткен қазақ өміріне жақын картиналар тізбегі еді.

Аударма мінсіз, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Енді ақын қазақ оқырманы туралы тың ойлар, пікірлер, толғаулы сөзді өз жанынан қосады. «Үлес» өлеңінің түйінінде ақын өз ұстанымын айқын көрсетіп, терең әлеуметтік ойды білдіреді. Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағы қазақ қоғамының тұтас бір буынын ұйқыдан оятып, ел қамын ойлауға дем бергені анық. Онда ақын өз ойын ашық, анық, нақты, дәл жеткізеді. Мұнда Ахмет Байтұрсынұлының өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, жұмыс-сүргін, жетімдік-жоқтық бірталай өлеңдерге арқау болады ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы басты сарын.

1911 жылы Орынборда басылып шыққан «Маса» атты екінші жинақта жеке басының жұды мен өмір жолы ғана емес, әлеуметтік ойлар, қоғамдық, азаматтық идеялар айтылады. Байлық пен жансап үшін мамысты сатып, жақсылық жасай алмайтын байлар сындалуда.

Оның «Қазақ» газетінің әр санында

жарық көрген «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек», «Қалам қайраткерлерінің жайынан» атты мақалаларынан ұлтты сүйген азаматтың ұлтының рухы есіп тұр. Оның 1912 жылы жазылған «Оқу құралы» атты еңбегі оқытудың жаңа әдістері тұрмысынан қайта өңделген және қазақ тілінде жазылған алғашқы алыпелердің бірі болып саналады. Бұл жұмыс қазіргі уақытта өзінің әдістемелік маңыздылығын жойған жоқ.

«Оқу құралы» атты еңбегі бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесімен айналысушы педагог қауым басшылыққа алар үлкен мәдени мұра десек қателеспейміз.

Ахмет Байтұрсынұлы рухани мұраларының танымдық-тәрбиелік маңызы ешқашанда ескірілмейтін, бүгін де, ертең де тәрбиесінде ұдайы есте ұстауды қажет ететін тағылым.



150 АХМЕТ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
Гүлзада БИЖАНОВА,
АрқПИ аға оқытушысы, магистр